



«Нархоз университеті» АҚ
Ғылыми кеңесінің шешімімен
БЕКІТІЛДІ
№ 3 хаттама,
«29» Қазан 2019 ж.

МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯНЫ / ЖОБАНЫ ДАЯРЛАУ ЖӘНЕ ОРЫНДАУ БОЙЫНША ЕРЕЖЕ

Алматы қаласы
2019 жыл

Мазмұны

Құжаттың паспорты.....	- 2 -
Келісім парағы.....	- 2 -
1. Жалпы ереже.....	- 3 -
2. Магистрлік диссертацияның / жобаның негізгі мақсаты мен міндеттері	- 4 -
3. Магистрлік диссертацияның / жобаның тақырыбы	- 4 -
4. Магистрлік диссертацияның / жобаның құрылымы және рәсімдеу ережесі.....	- 5 -
5. Магистрлік диссертацияны / жобаны даярлау тәртібі және оны ұсыну.....	- 7 -
6. Магистрлік диссертацияны / жобаны қорғау рәсімі.....	- 8 -
7. Қорытынды ереже	- 9 -
Қосымшалар.....	- 11 -

Құжаттың паспорты

Құжаттың атауы:	Ереже
Қысқаша сипаттама:	Магистрлік диссертацияларды / жобаларды дайындау және орындау туралы ереже магистрлік диссертацияның / жобаның мазмұнына, құрылымына және көлеміне, сондай-ақ қорғау тәртібіне қойылатын талаптарды анықтайды.
Тақырып:	Ұйымдастырушылық-әдістемелік қамтамасыз ету
Дәрежесі:	Қолданыста
Бекіту мерзімі:	_____ 2019 ж.
Іс-әрекеттің аяқталу мерзімі:	Жойылғанға дейін немесе жаңа қабылданғанға дейін
Аудит мерзімі:	Қажет болғанда
Аудитке жауапты:	Оқу-әдістемелік басқарма бастығы

Келісім парағы

Ректордың құқықтық мәселелері бойынша кеңесшісі

С.Г. Буюнский

Академиялық қызмет жөніндегі проректор м.а.

М.А. Скиба

1. Жалпы ереже

- 1.1 Магистрлік диссертацияларды / жобаларды даярлау және орындау туралы Ереже (бұдан әрі - Ереже) бұрын қолданыстағы ішкі нормативтік құжаттардың аудиті негізінде жасалынған және магистрлік диссертацияның / жобаның мазмұнына, құрылымы мен көлеміне қойылатын талаптарды, сондай-ақ оны қорғау тәртібін анықтайды.
- 1.2 Осы магистрлік диссертацияларды / жобаларды даярлау және орындау бойынша Ереже (әрі қарай Ереже) Қазақстан Республикасының «Білім туралы» (2007 жылғы 27 шілдедегі өзгерістері мен толықтырулар) Заңына; Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу үдерістерін ұйымдастыру Ережесі (ҚР білім жән ғылым Министрінің 2018 жылы 12 қазандағы №563 бұйрығымен бекітілген); Білім беру ұйымдары қызметінің Үлгі ережелеріне сәйкес (ҚР білім жән ғылым Министрінің 2018 жылы 30 қазандағы №595 бұйрығымен бекітілген); Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру стандарттары (ҚР білім жән ғылым Министрінің 2018 жылы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген) негізінде құрастырылған.
- 1.3 Магистрлік диссертация / жоба жоғары оқу орнынан кейінгі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының магистранттың білімі, қабілеті, дағдылары мен құзіреттілігіне қойылатын талаптарына сәйкес алынған кәсіби біліктілік деңгейін анықтайды. Магистрлік диссертация – ғылымның қазіргі заманғы теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктеріне негізделуі, ғылыми-педагогикалық магистратура бағытындағы магистранттың таңдаған мамандығы бойынша теориялық немесе практикалық әзірлемелер өзекті мәселелерді қамтитын өзіндік ғылыми зерттеу, бітіру жұмысы болып табылады. Магистрлік жоба – теориялық немесе эксперименттік нәтижелерді қамтитын, бейіндік магистратура бағытындағы магистранттың таңдаған мамандығы бойынша өзекті мәселелерді өз бетімен зерттеп, шеше білуіне мүмкіндік беретін біліктілік бітіру жұмысы.
- 1.4 Магистрлік диссертация / жоба ғылыми жетекшінің басшылығымен орындалады. Ғылыми жетекшілер білім беру қызметіне қойылатын Біліктілік талаптарымен белгіленген нормаларына сәйкес болуы керек (Білім және ғылым Министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы №391 бұйрығы 2018 жылғы 19 желтоқсандағы өзгерістер мен толықтырулары): Магистрантқа ғылыми жетекшілікті «ғылым кандидаты» немесе «ғылым докторы» немесе «философия докторы (PhD)» ғылыми дәрежесі бар немесе «философия докторы (PhD)» академиялық дәрежесі бар немесе «философия докторы (PhD)» дәрежесі бар немесе «бейіні бойынша докторы» кадрларды дайындау бейініне сәйкес бейіні бойынша, ғылыми-педагогикалық жұмыс тәжірибесі кемінде үш жыл, уәкілетті орган ұсынған отандық ғылыми журналдарда және халықаралық ғылыми басылымдарда соңғы бес жылда екі ғылыми еңбегі бар, сондай-ақ оқулықтар немесе оқу құралдарының авторы болып табылатын профессор-оқытушылар құрамы (бұдан әрі - ПОҚ) жүзеге асырады. Қажет болған жағдайда ғылымның тиісті салаларынан ғылыми кеңесшілер тағайындалуы мүмкін.
- 1.5 Магистрлік диссертацияның / жобаның тақырыбы ғылыми білім беру департаменттерімен (әрі қарай ҒББД) құрастырылып, мектеп Кеңесінде қарастырылады және университеттің Ғылыми Кеңесі мәжілісінде бекітіледі. Магистрлік диссертацияның / жобаның тақырыбы магистранттың оқу ағымында орындайтын ғылыми-зерттеу, сараптамалық-зерттеуге арналған логикалық тұрғыдан аяқталатын және ғылымның дамуының қазіргі жағдайы мен болашағына сәйкес болуы керек.
- 1.6 Магистрлік диссертацияның / жобаның тақырыптарын олардың теориялық дайындығы мен ғылыми-тәжірибелік қызығушылығын ескере отырып, ұсынылған тақырыптар тізімінен магистранттарға өз бетімен таңдау құқығы берілді. Магистрант өндірістік қажеттілікке, ғылыми қызығушылық пен кәсіби дағдыларына сәйкес магистрлік диссертацияның / жобаның тақырыбын өзі ұсына алады.
- 1.7 Магистранттың жеке жұмыс жоспарында магистрлік диссертацияның / жобаның дәйектелген және құрылымы жасақталған тақырыбы, диссертациялық жұмыстың

аяқталу мерзімі көрсетілген магистрлік диссертацияның / жобаның орындалу жоспары, ғылыми жарияланымдары немесе ғылыми конференцияларға қатысу жоспары көрсетіледі.

- 1.8 Оқуға қабылданғаннан кейін екі ай уақыт ішінде әрбір магистрантқа магистрлік диссертацияға / жобаға жетекшілік үшін ғылыми жетекші тағайындалады. Магистранттың ғылыми жетекшісі мен зерттеу тақырыбы университет ректорының / академиялық қызмет жөніндегі проректорының бұйрығымен университеттің Ғылыми кеңесі шешімі негізінде бекітіледі.
- 1.9 Магистрлік диссертацияның / жобаның негізгі нәтижелері ең кемінде бір жарияланым немесе ғылыми-практикалық конференция мақаласында жариялануы керек.
- 1.10 Магистрлік диссертацияны / жобаны даярлау мен қорғауды ұйымдастыру бойынша жалпы жұмысты жоба ғылыми жетекшісі мен бітіруші ҒББД директоры жүзеге асырады.

2 Магистрлік диссертацияның / жобаның негізгі мақсаты мен міндеттері

- 2.1 Магистрлік диссертация / жоба - бұл белгілі бір пәндік-кәсіби салада магистранттың өзіндік зерттеуінің нәтижелерін жалпылау болып табылатын жеке жазбаша зерттеу жұмысы.
- 2.2 Магистрлік диссертация / жоба магистранттарға олардың алған білімі мен дағдыларын өз ісінде қолдануға мүмкіндік береді. Ол кез-келген заманауи, мәнді, өзекті мәселеге арналуы мүмкін. Бітіру жұмысы өзекті мәселені функционалды аралық талдау мен тұжырымды шешуді кешенді қарастырады. Аталмыш жұмыс компанияның (немесе саланың), ұйымның мәселелерін анықтауда, оны қоя білуде және зерттеу жүргізуде, нәтижелер алуға, оларды дәлелдеуде, сондай-ақ компанияның нақты мәселелерін жою бойынша ұсыныстарды дәйектеуде магистранттың қабілетін көрсетуге арналады.
- 2.3 Қорғау үдерісінде магистранттар зерттеудің алға қойған мақсатын нақты айқындауы, әдістерін сипаттай алуы және алынған нәтижелерін өзінің мазмұндауында иллюстративтік материалдарды пайдалана отырып баяндай алуы тиіс.
- 2.4 Магистрант диссертацияны / жобаны даярлау барысында:
 - мамандық бойынша теориялық білімдері мен тәжірибелік дағдыларын жүйелейді, бекітеді, кеңейтеді және оларды нақты ғылыми міндеттерді шешуде қолдана алады;
 - диссертациядағы мәселелер мен сұрақтарды шешуде құрастырылған сараптамаларды жасай отырып, өз бетімен орындалатын жұмысты жүргізудегі дағдыларын дамытады және зерттеу әдістерін игереді;
 - идеяларды өз бетімен пысықтау дағдыларын игереді, оларды жан-жақты дәйектеуге, нақты мәліметтерді жинақтау, жүйелі талдау, оларды жинақтап, өзінің идеясын нақты, стандартты және айқын түрде жеткізуі керек болады.

3 Магистрлік диссертацияның / жобаның тақырыбы

- 3.1 Магистрлік диссертацияның / жобаның тақырыбы өзекті, ғылымның қазіргі жағдайы мен даму болашағына, магистранттардың бағыты мен бейініне сәйкес болуы керек. Магистрлік диссертацияның / жобаның тақырыбының жалпы тізімі жыл сайын жаңартылып отырады.
- 3.2 Магистрлік диссертациялардың / жобаның тақырыптары мектеп Кеңесі мәжілісінде қарастырылады және мақұлданады, университеттің Ғылыми Кеңесінде бекітіледі.
- 3.3 Магистрлік диссертациялардың / жобалардың бекітілген тақырыптарынан магистрант тақырып таңдай алады, сондай-ақ бекітілген тақырыптардың мазмұнында жоқ магистрлік диссертацияның / жобаның тақырыбын таңдауына мүмкіндік беріледі. Мұндай жағдайда магистрант бітіруші ҒББД-ға өзі ұсынатын тақырыбының мақсатын жан-жақты негіздейді немесе ұйым тарапынан тапсырыспен орындалатын жұмыстың тақырыбын ұсынады.

- 3.4 Магистрлік диссертацияның / жобаның тақырыбы және ғылыми жетекшісі магистрантқа бірінші курстың басында белгіленеді және қабылданғаннан кейін 2 ай көлемінде университеттің Ғылыми кеңесінің шешімі негізінде ректордың / академиялық қызмет жөніндегі проректордың бұйрығымен бекітіледі.
- 3.5 Ғылыми-педагогикалық магистратурада ғылыми зерттеу практикасы немесе бейіндік магистратурада өндірістік практика аяқталғаннан кейін қажет болған жағдайда магистрлік диссертация / жоба тақырыбына өзгертулер мен толықтыру енгізу бітіруші ҒББД ұсынысымен университеттің Ғылыми кеңесі шешімі негізінде бұйрықпен рәсімделеді.

4 Магистрлік диссертацияның / жобаның құрылымы және рәсімдеу ережесі

- 4.1 Магистрлік диссертацияның / жобаның көлемі қосымшаларды есепке алмағанда 50-70 бет болуы тиіс.
- 4.2 Магистрлік диссертацияны / жобаны рәсімдеудің техникалық талаптары 2 қосымшада ұсынылған талаптарға жауап беруі тиіс.
- 4.3 Зерттеу жұмысы келесідей міндетті құрылымдық элементтерді қамтуы қажет:
 - титулдық (бастапқы) парақ (3 қосымша);
 - мазмұны;
 - кіріспе;
 - диссертацияның / жобаның негізгі бөлімі;
 - қорытынды;
 - пайдаланған әдебиеттер тізімі (4 қосымша);
 - қосымшалар.
- 4.4 Титулдық парақ магистрлік диссертация / жоба туралы бастапқы мәліметтер берілген бірінші бет болып табылады. Титулдық парақ диссертацияның / жобаның жалпы нөмірлеу беттеріне кіргенімен, онда бет нөмірі қойылмайды.
- 4.5 Зерттеу жұмысының мазмұны барлық негізгі бөлімдері және диссертацияның / жобаның тарауларымен тараушаларының беттерінің нөмірлері кіреді. Бөлімдері мен бөлімшелерінің атаулары магистрлік диссертацияның / жобаның мазмұны бойынша онда көрсетілген атаулармен толықтай сәйкес келуі керек, олардың атауларын қысқартып жазуға да жол берілмейді.
- 4.6 Жұмыстың кіріспесінде магистрлік диссертация / жоба тақырыбының өзектілігі, жұмыстың мақсаты мен міндеттері, зерттеу нысанасы мен пәні, ғылыми жаңашылдығы мен практикалық маңыздылығы, шешілуі тиіс ғылыми сұрақтың қазіргі жағдайын бағалауы, ғылыми зерттеудің әдіснамалық негіздері мен практикалық базасы мазмұндалуы керек. Кіріспеде магистрлік диссертацияның / жобаның бөлімдеріне қысқаша сипаттама берілуі керек.
- 4.7 Магистрлік диссертацияның / жобаның негізгі бөлімінде кіріспеде тұжырымдалған міндеттерге жауап беруге тиіс және шығармашылықпен ойлану арқылы жұмыстың тақырыбын ашу керек. Жұмыстың негізгі бөлімінде зерттеуде қолданылатын әдістерді негіздеуге, есептеу әдістері мен ережеде көрсетілгендей, қолданбалы компьютерлік бағдарламаларды пайдаланумен орындалатын есептердің өзін, жүргізілген сараптамаларды сипаттау, оларды талдау, солардың нәтижесінде алынған тұжырымдар, бірнеше нұсқаларына техникo-экономикалық салыстырулар мазмұндалуы тиіс, қажет болған жағдайда иллюстрациялармен, кескіндемелермен, эскиздермен, диаграммалармен және кестелермен т.б. толықтыруға болады.
- 4.8 Магистрлік диссертацияның / жобаның негізгі бөлігі бірнеше бөлімшелерді біріктіретін 4 бөлімнен тұрады, әрбір бөлім ғылыми зерттеулерді қорытындылайтын тұжырымдармен аяқталуы керек.
- 4.9 1 бөлім. Зерттеу мәселесінің өзектілігін дәйектеу.
Магистрант зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми әдебиеттерге шолу жасау арқылы мәселенің өзектілігіне дәйектеме беру керек, қойылған мәселенің теориялық

- жағдайының пікір алмасушылық сипатын анықтай отырып, өзінің авторлық көзқарасын негіздей алуы керек. Зерттеуші нақты саладағы теория мен практиканың дамуының негізгі үрдістерін және олардың отандық және шетелдік ғылыми және оқу әдебиеттерінде зерттелу және сипатталу дәрежесін көрсете білуі керек.
- 4.10 2 бөлім. Зерттеудің әдістері мен бағдарламасы.
Бөлім зерттеудің әдістерін таңдау мен бағдарламасын (кезең-кезең бойынша зерттеудің логикалық бірізділігі, зерттеудің нақты әдістерін қолдану мүмкіндіктерін таңдау мен оны негіздеу, зерттелетін мәселені қою) дәйектеуге негізделеді. Жұмыста ұсынылатын жекеленген зерттеулердің саны 3-5 сұрақтан көп болмауы керек, алайда олардың біреуі алғашқы (жаңа) мәліметте орындалуы керек. Аталған бөлімде зерттеуде қолданылатын әдістеріне оларды қолдану мүмкіндіктері мен мақсаттылығы тұрғысынан қарап, қойылған мәселені шешу үшін зерттеу нысанына, мақсаты мен зерттеу салаларына жақын келетін артықшылықтары мен қиыншылықтарына баға берілуі керек.
- 4.11 3 бөлім. Зерттеудің тікелей нәтижелері (нақты әдістерді қолдану).
Бөлім нысананы зерттеуді сипаттаудан, зерттеу мәселесіне қатысы бар өндіріс немесе зерттеу салалары туралы нақты материалдардан тұрады. Магистрант әр түрлі ғылыми әдістер мен заманауи ақпараттық технологияларды қолдана отырып, зерттеу нысанының қызметін сипаттайтын материалдарға мұқият, жан-жақты талдау жүргізуі керек. Алынған нәтижелердің болжамын дұрыс түсіндіру және талдау үшін диссертацияда эконометрикалық, экономико-математикалық моделдер қолдану керек. Бұл бөлімде білім алушылардың өз бетімен жүргізген бірінші ақпараттық (алқаптық зерттеу) сияқты, екінші ақпараттық (ақпарат көздерін міндетті түрде көрсету) негізде жүргізілген зерттеулердің барлық түрлерінің нәтижелері болуы керек. Аталған бөлімді дайындауда магистрант өзінің ғылыми біліктілігін көрсете алуы және алынған қорытындылар мен нәтижелерді дәлелдей алуы керек. Бөлімнің материалдары магистрлік диссертацияда / жобада қарастырылған мәселелер бойынша тұжырымдар мен ұсыныстардың дәлдігін, толықтығын және дәйектілігін (негізділігін) бағалауға мүмкіндік береді. Бөлім таңдалған әдіснамалық шеңберінде жүргізілген зерттеулердің әр кезеңі үшін жекеленген тараушалардан тұруы керек.
- 4.12 4 бөлім. Зерттеу нәтижесі бойынша ұсыныстар.
Бұл бөлімде магистрлік диссертацияда / жобада қарастырылған мәселені шешуге бағытталған негізгі ұсыныстар мен қорытындыларды негіздеу және оларды қалай дайындалғандығы көрсетіледі. 4 бөлімнің айрықша ерекшелігі диссертацияда / жобада мазмұндалатын магистранттың ұсыныстары мен тұжырымдарының тәжірибеге енгізілуі мен нақты іс жүзінде қолданылуында.
- 4.13 Қорытындыда диссертациялық / жобалық зерттеудің нәтижесі бойынша жалпы қорытындылар; алынған нәтижелердің отандық және шетелдік зерттеулермен ұқсастығы мен айырмашылығын салыстыру; зерттеу нәтижелерін нақты қай жерде қолдану бойынша ұсыныстар берумен; дайындалған ұсыныстарды іс жүзіне енгізу бойынша нұсқаулық беріледі.
- 4.14 Қорытындыда ұсынылған тұжырымдар мен диссертациялық зерттеудің нәтижелері кіріспеде автормен құрастырылған барлық міндеттерді шешуде рет-ретімен көрсетілуі керек.
- 4.15 Пайдаланған әдебиеттер тізімі ғылыми жұмыстарға бекітілген талаптарға сәйкес рәсімделеді. Диссертацияны / жобаны жазу барысында магистрант авторлардан және ғылыми дереккөздерден материалдарды алғанда, жекеленген анықтамалардан цитата келтіргенде немесе нәтижелерін пайдаланғанда оларға сілтеме жасауға міндетті. Әдебиеттер тізімі магистрлік диссертацияда / жобада пайдаланған дерек көздерінің саны бойынша рәсімделеді және нөмірленеді.
- 4.16 Қосымшалар магистрлік диссертацияның / жобаның соңында беріледі, онда негізгі бөлімді толықтыратын және түсіндіретін материалдар беріледі. Барлық қосымшалардың мәтіндерінде сілтемелер, әрбір қосымшаның атауы болуы керек және

ол жаңа бетте орналасу керек, егер қосымшаның мәтіні бір бетке сыймай қалса, онда келесі беттің жоғары жағына «Қосымшаның жалғасы...» деп көрсету керек.

- 4.17 Магистрлік диссертацияда / жобада қабылданған шешімге, барлық мәліметтердің дәлдігі мен шынайылығына жауапкершілікті автор, яғни магистрант өзіне алады.

5 Магистрлік диссертацияны / жобаны даярлау тәртібі және оны ұсыну

- 5.1 Магистрлік диссертацияның / жобаның ғылыми жетекшісі:
- магистрлік диссертацияның / жобаның орындалуының барлық кезеңіне күнтізбелік жоспар-кестесін (5 қосымша) дайындауда магистрантқа кеңес береді;
 - магистрлік диссертацияның / жобаның тақырыбы бойынша магистрантқа қажетті негізгі әдебиеттер, анықтамалар мен мұрағаттық құжаттар, типтік жобалар мен басқа да дереккөздерді ұсынады;
 - магистрлік диссертацияның / жобаның орындалуының күнтізбелік жоспар-кестесінің сақталуына ағымдық бақылауды жүзеге асыруды жүргізуде кеңес беру кестесін құрастырады;
 - магистрлік диссертацияның / жобаның барлық бөлімдерінің көлемін анықтайды және магистрант пен ғылыми кеңесшілердің жұмысын үйлестіреді.
- 5.2 Магистрлік диссертацияның / жобаның ғылыми жетекшісінің ұсынысы бойынша ғылыми жетекшілікке бөлінген уақыттың есебінен ғылыми кеңесшілер шақырылады.
- 5.3 Бекітілген талаптарға сай рәсімделген магистрлік диссертация / жоба алдын ала қорғау рәсімінен өту және ғылыми жетекшінің «қорғауға жіберілсін» немесе «қорғауға жіберілмесін» деген дәлелді қорытындысы көрсетілген пікірін алу үшін ҒББД-ға ұсынылуы керек.
- 5.4 Зерттеуші магистрлік диссертациясын / жобасын жоспарланған қорғау мерзімінен бір ай бұрын ғылыми жетекшісіне ұсынуы тиіс.
- 5.5 Магистрлік диссертация / жоба StrikePlagiarism.com жүйесіндегі плагиатты анықтау және жою Регламентіндегі талаптарға сәйкес антиплагиат рәсімдерінен өтеді (STRIKEPLAGIARISM.COM базалар жүйесінде).
- 5.6 Алдын ала қорғаудан сәтті өткен жағдайда, орындалған магистрлік диссертация / жоба ғылыми жетекшінің пікірімен (6 қосымша) бітіруші ҒББД директорына беріледі. Жұмыс DOC немесе DOCX (Microsoft Word) форматында электрондық түрде және диссертацияның / жобаның қосымшамен қағаз тасығышта басылған данасы, үш тілде (қазақша, орысша және ағылшын) қысқаша жазылған аннотациясы беріледі.
- 5.7 Бұдан кейін жұмыс сыртқы рецензиялауға жіберіледі.
- 5.8 Жұмыс орны, лауазымдық қызметі, ғылыми дәрежесі мен ғылыми атағы сияқты анкеталық мәліметтері көрсетілген сыртқы рецензенттер бітіруші ҒББД ұсынысы бойынша университет ректорының/ академиялық қызмет жөніндегі проректордың бұйрығымен бекітіледі.
- 5.9 Рецензенттер магистрлік диссертация / жоба жазылған пәндік саланың мамандары және қорғалатын зерттеу жұмысының бейіні бойынша ғылым докторлары/кандидаттары, PhD докторлары арасынан таңдалады.
- 5.10 Ғылыми жұмыстың жетекшісі, университеттің штатындағы қызметкер, магистрлік диссертация / жоба қорғалатын Мемлекеттік аттестациялық комиссия мүшелері немесе магистранттың ғылыми жетекшісіне лауазымдық қызметімен бағынышты тұлға рецензент бола алмайды.
- 5.11 Ресми рецензент магистрлік диссертацияны / жобаны оқып, оған зерттеу жұмысы тақырыбының өзектілігі, ғылыми жаңашылдығы мен тәжірибелік маңыздылығы, жұмыс тақырыбының магистрантты даярлау бейіні бойынша берілетін академиялық дәрежесіне сәйкес жан-жақты сипатталған жазбаша түрдегі сын пікір береді (7 қосымша). Сонымен қатар сын-пікірде жүргізілген зерттеудің өз бетімен орындалғанын, қорытындылар мен ұсыныстардың бар екендігін, мәселені шешу

дәрежесі мен зерттеудің аяқталғандығын, жұмыста кездесетін кемшіліктерді көрсетуі қажет.

- 5.12 Магистрлік диссертацияға /жобаға талдау жасау негізінде рецензент «үздік», «жақсы», «қанағаттанарлық» немесе «қанағаттанарлықсыз» бағаларын көрсеткен, мамандығына / білім беру бағдарламасына сәйкес магистр академиялық дәрежесін беру немесе бермеу туралы дәлелді қорытынды беруі қажет.
- 5.13 Сын-пікірге рецензенттің қолы қойылып, ол негізгі жұмыс орнының мөрімен расталуы керек.
- 5.14 Ғылыми жетекші немесе бітіруші ҒББД «қорғауға жіберілмейді» немесе «қорғауға ұсынылмайды» деген қорытынды беретін болса, магистрант магистрлік диссертациясын / жобасын қорғай алмайды.
- 5.15 Магистрлік диссертацияның / жобаның соңғы нұсқасын ғылыми жетекшінің пікірі және ресми рецензенттің сын пікірімен бірге қорғауға рұқсат алу үшін қорғаудан 5 күн бұрын бітіруші ҒББД директорына ұсынады.
- 5.16 Магистрлік диссертацияның / жобаның рәсімделуі, қажетті құжаттарды дайындау мен магистрантқа қорғауға рұқсат беру кешендік емтихан мен қорғау аралығында жүргізіледі және ол бір айдан көп болмауы керек.
- 5.17 Мектеп (факультет) Кеңестері магистрлік диссертацияның мазмұны мен құрылымына қосымша талаптарды анықтап, магистрлік диссертацияны / жобаны даярлау және орындау бойынша нұсқаулықтар әзірлеп, бекіте алады.

6 Магистрлік диссертацияны / жобаны қорғау рәсімі

- 6.1 Мемлекеттік аттестациялық комиссия (әрі қарай МАК) университеттің Ғылыми кеңесінің шешімі негізінде университет ректорының бұйрығымен құрылады.
- 6.2 МАК құрамына оның мүшесі болу құқығында ғылым докторы/кандидаты, PhD докторы ғылыми дәрежесі, сондай-ақ магистрантты дайындау бейініне сәйкес жоғары біліктілігі бар мамандар кіре алады.
- 6.3 Магистрлік диссертацияны / жобаны қорғау оның 2/3 мүшесінің қатысуымен МАК-тың ашық мәжілісінде жүргізіледі.
- 6.4 Магистрлік диссертацияны / жобаны қорғау ғылыми пікірталас сипатында болу керек және жоғары талап қоюшылық, ғылыми қағидалар мен академиялық әдептілікті сақтай отырып жүргізіледі.
- 6.5 МАК-тың бір мәжілісінде қорғауға 8 жұмысты тыңдап, қабылдауға болады.
- 6.6 Магистрлік диссертацияны / жобаны қорғау магистранттың қалауы бойынша қазақ/орыс/ағылшын тілдерінде жүргізіледі.
- 6.7 Магистрлік диссертацияны / жобаны қорғау заманауи техникалық құралдардың және ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы жетістіктердің базасында мультимедиялық презентациялар түрінде электрондық ресурстарды қолданумен жүзеге асырылады.
- 6.8 Мемлекеттік аттестациялық комиссияның мәжілісіне ғылыми жетекші мен ресми рецензенттік қатысуы мен сөз сөйлеуі міндетті емес.
- 6.9 МАК магистрлік диссертацияны / жобаны келесі талаптарды ескере отырып бағалауы тиіс:
 - орындалған жұмыстың көлемі;
 - зерттеудің өз бетімен орындалуы;
 - әдеби шолулардың толықтығы мен соңғы жылдарда жарияланған әдебиеттердің қолданылуы;
 - алынған нәтижелердің ғылыми зерттеулерде, тәжірибелік жұмыстарда немесе оқу үдерісінде қолданыс табу мүмкіндігі;
 - материалды мазмұндаудағы сауаттылық пен дәлдік;
 - қорғаудағы баяндаманың сапасы;

- қорғау кезіндегі МАК мүшелерінің қойған сұрақтарына магистранттың жауабының дұрыстығы мен толықтығы.
- 6.10 Магистрлік диссертацияны / жобаны қорғаудың қорытындысы туралы шешімді МАК-тың жабық мәжілісінде қабылдайды және бекітілген формадағы хаттамамен рәсімделеді.
- 6.11 МАК мәжілісінің хаттамасы әрбір магистрантқа жеке жүргізіледі және МАК төрағасы және оның мүшелерімен МАК мәжілісі болған күні қол қойылады.
- 6.12 Қорғау нәтижесі бойынша МАК теріс шешім берген магистрлік диссертация / жоба қайтадан жазылуы және тек бір жылдан кейін ғана қайта қорғауға ұсынылуы керек. Қайта қорғау кезінде қорғауға жіберудің барлық рәсімдері қайтадан жүргізіледі, ресми рецензент ауыстырылуы керек.
- 6.13 Ғылыми жетекшімен қорғауға жіберілген, бірақ рецензенттің бағалауымен F – «қанағаттаралықсыз» баға алған магистрлік диссертация / жоба жалпы шартпен қорғалады.
- 6.14 Комиссия жұмысының қойылымы:
 - мәжілісті комиссия төрағасы жүргізеді;
 - әрбір магистрлік диссертацияда / жобада баяндама, комиссия мүшелерінің сұрақтарына магистранттың жауабы, жұмыста қарастырылған мәселелер бойынша ғылыми пікіралмасу, ғылыми жетекші мен рецензенттің жұмысқа берген пікірлерінен тұрады. Егер ғылыми жетекші немесе сырттан рецензенттер қорғауға қатысса, олардың жазбаша пікірлерін ауызша сөйлеумен ауыстыруға болады;
 - комиссия мүшелерінің талқылауының нәтижесі бойынша қорғау нәтижесі туралы жалпы шешім шығарылады;
 - бір магистрлік диссертацияның / жобаның қорғалу ұзақтығы 50 минуттан аспауы тиіс;
 - қорғаудың жүргізілуі мен нәтижесі хаттамамен рәсімделеді.
- 6.15 Магистранттың жұмысын қорғау уақытының тәртібі:
 - магистранттың баяндамасы магистрлік диссертацияның / жобаның мазмұнымен сәйкес келуі керек. Баяндамада жұмыс тақырыбының өзектілігі, мақсаты мен міндеттері, тәжірибелік құндылықтары, қысқаша негізделген негізгі идеясы мен ең маңызды қорытындылары қамтылу керек. Әр тараудың жай ғана қысқаша мәселелерін санап көрсетуге немесе жұмыстағы әрбір деректерге тереңнен сипаттама беруге болмайды. Слайд түріндегі, үлестірме материалдары түріндегі демонстрациялық материалдарды міндетті түрде қолдану керек;
 - баяндаманың ұзақтығы 10-15 минут көлемінде болуы керек.
- 6.16 Магистрлік диссертациясын / жобасын көпшіліктің алдында ашық түрде қорғаған магистрантқа, сәйкес мамандығы / білім беру бағдарламасы бойынша магистр академиялық дәрежесі мен диплом (қосымшасымен, транскриптімен) беріледі.
- 6.17 Магистрант белгілі бір себеппен қорғауға келе алмай қалған жағдайда, МАК қорғауды белгілі бір кейінгі мерзімге (бірақ ағымдағы оқу жылының соңына дейін) ауыстыруы туралы шешім шығарады.
- 6.18 Магистранттың қорғауға себепсіз келмей қалуы орын алған жағдайда, МАК оған тәртіпке шақыру шараларын қолдану туралы шешім қабылдайды.
- 6.19 Ең сапалы орындалған жұмыстар авторлардың келісімімен оқу үдерісінде немесе өндірісте пайдалану (енгізу) үшін ашық басылымда жариялауға ұсынылуы мүмкін.
- 6.20 Магистрлік диссертацияның / жобаның түпнұсқалары ұйымдар мен жеке тұлғаларға рұқсатсыз беруге тиым салынады.

7 Қорытынды ереже

- 7.1 Бұл Ереже университеттің Ғылыми кеңесінде бекітіледі. Бұл Ереженің әрекет ету мерзіміне шек қойылмайды.


7.2 Ереженің келесі аудитінің мерзімі - қажет болғанша. Аудитті өткізу үшін жауапты – Оқу-әдістемелік басқармасының бастығы

Құрастырушылар:



Н. В. Дальке
Оқу-әдістемелік басқарма бастығы

Кеңсе
тексеру туралы белгісі



Б.Б. Болатбек
Кеңсе бастығы

Қосымшалар

1 Қосымша
КОЛДАНЫЛУ ҮШІН ҰСЫНЫЛАДЫ

« _____ » ҒБДД директорына
_____ мамандығы / білім беру
бағдарламасы бойынша
_____ курс ҒПМ/БМ магистранты _____
_____ (аты-жөнін толық жазу керек)
байланыс телефоны _____

Ө Т І Н І Ш

Сізден магистрлік диссертацияның / жобаның тақырыбын мына редакцияда:
« _____ »
бекітуіңізді, ғылыми жетекші ретінде _____
_____ тағайындауыңызды сұраймын.

Магистранттың қолы _____

Мерзімі _____

Магистрлік диссертация / жоба рәсімдеудің негізгі талаптары

Магистрлік диссертация / жоба А4 форматындағы стандартты қағазда орындалуы және түптелуі тиіс. Магистрлік диссертациядағы / жобадағы мәтін және басқа да элементтер дербес компьютердің ақ қағаздың бір бетіне баспа және графикалық құрылғыларды шығаруды қолдана отырып, "Times New Roman" - қаріпін, кегль - 14, сол жағы – 30 мм, оң жағы – 10 мм, жоғарғы жағы – 20 мм, төменгі жағы – 25 мм-де біркелкі жоларалық интервалымен Microsoft Word редакторын пайдалана отырып басылуы қажет.

Диссертацияны / жобаны орындау барысында біркелкі тығыздық, суреттің айқындылығы мен нақтылығы бүкіл жұмыс бойы сақталуы қажет. Диссертацияда / жобада дұрыс сызықтар, әріптер, сандар мен белгілер анық болуы тиіс.

Диссертациялық / жобалық жұмыстың «МАЗМҰНЫ», «КІРІСПЕ», «ҚОРЫТЫНДЫ», «ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ», «ҚОСЫМША» сияқты құрылымдық элементтердің атауы, сонымен қатар, диссертацияның / жобаның негізгі бөлімдерінің атауын бас әріптермен, жолдың ортасында нүктесіз «қалың» қаріппен басылуы тиіс.

Бөлімдердің тақырыбын абзац жолдан бас әріптермен бастап, соңында нүкте қоймай «қалың» қаріппен теру қажет. Құрылымдық элементтердің тақырыптардың арасында, магистрлік диссертацияның / жобаның бөлімдері мен келесі мәтінде «бос жол» қолданылады.


Диссертацияның / жобаның кіріспесі, бөлімдері, қорытындысы, пайдаланылған әдебиеттер тізімі, қосымшасы жаңа беттен басталады.

Абзацтар жаңа жолдан (азат жол) бөлінеді және үш белгіге тең.

Диссертацияның / жобаның беттерін ретімен нөмірлеуді бүкіл жұмыс бойы сақтай отырып, араб сандарымен нөмірлеу қажет. Беттердің нөмірін парақтың төмен бөлігінің ортасында нүктесіз қояды. Титулдық парақты жалпы нөмірленген бетке қосады. Титулдық парақта беттің нөмірі қойылмайды. Жеке бетте орналасқан суреттер мен кестелер диссертацияның жалпы беттеріне қосылады. А3 формат парағындағы суреттер мен кестелер бір бет ретінде ескеріледі.

Бірінші рет немесе келесі бетте айтылатын иллюстрацияларды (сызбалар, графиктер, схемалар, диаграммалар және т.б.) тікелей мәтіннен кейін орналастырған жөн. Диссертациялық / жобалық жұмыста барлық суреттерге сілтеме берілуі тиіс. Суреттің астында жолдың ортасында орналасқан суреттердің атауы болуы тиіс. Иллюстрация «Сурет» деген сөзбен белгіленеді. Бүкіл диссертациялық жұмыста иллюстрацияларды араб сандарымен реттік нөмірмен нөмірлеген жөн.

Иллюстрациялар рәсімдеу үлгісі:



1-сурет Сегменттік топтарды бөлгендегі бір күндік қалдықтардың үлесі

Ескерту: автормен құрастырылған

Сурет пен мәтіннің арақашықтығы 3 интервал немесе 2 «бос қатар» болу керек.

Кестелер. Кестені жақсы көрнекілік және көрсеткіштерді салыстыру ыңғайлылығы үшін қолданады. Кестенің атауы оның мазмұнынан көрініс беріп, нақты әрі қысқа болуы қажет және абзацтық шегініссіз сызықша арқылы оның нөмірімен бірге бір жолда кестенің сол жақ үстінде орналастырылады. Кестенің бір бөлігін келесі бетке көшірген уақытта бірінші беттегі төменгі көлденең сызық жабылмайды, басқа бөліктерінің үстінде сол жағында «кестенің жалғасы» деген сөз жазылып, кесте нөмірі көрсетіледі.

Кесте диссертацияда ол бірінші рет көрсетілетін мәтіннен кейін немесе келесі бетте орналасуы керек. Барлық кестелерге диссертацияда сілтеме болуы қажет. Сілтеме жасағанда нөмірін көрсетіп «кесте» деп жазу керек. Қосымша кестелерінен басқа кестелер алмаспайтын нөмірлеу арқылы араб цифрларымен нөмірленеді. Кестелерді бөлім шегінде нөмірлеуге рұқсат беріледі. Мұндай жағдайда кестенің нөмірі нүктемен ажыратылған бөлім нөмірінен және кестенің реттік нөмірінен тұрады. Әрбір қосымшаның кестелері цифрдың алдына қосымша белгісін қою арқылы жеке-жеке араб цифрларымен нөмірленеді.

Кестелер сол, оң жағынан және астынан сызықтармен шектеледі. Кестеде мәтіндегі қаріптен кіші қаріп өлшемін (12) пайдалануға рұқсат етіледі. Кестенің жолдарын шектейтін көлденең және тік сызықтар, егер олардың болмағаны кестені қолдануды қиындатпаса жүргізілмегені жөн. Кестенің төменгі сызығы мен мәтін арасындағы қашықтық 3 интервал немесе 2 «бос» жол болуы керек.

Кестені рәсімдеудің мысалы:

Кесте 1 – авансталған капитал табысының деңгейі, %

№	Көрсеткіштер	Өткен жыл	Есепті жыл	ауытқу(+;-)
1	2	3	4	5
1	Таза табыс, мың тенге	5040	6538	+1498
2	Активтер, мың тенге	30512	37254	+6742
3	Табыс деңгейі, %	16,52	17,55	+1,03
Ескерту: дереккөз[2]				

Формулалар мен теңдеулер. Формулалар мен теңдеулерді мәтіннен бөлек жеке жолға жазған дұрыс. Әрбір формуланың немесе теңдеудің жоғарғы және төменгі жақтарында бір бос жол қалдырылуы керек. Белгілер мен сандық коэффициенттердің мағынасын түсіндіру формулада қандай тәртіпте көрсетілсе, дәл сол тәртіппен формуланың астына орналастырылады. Формулаларды барлық диссертация шегінде жолдың оң жақ шетінде дөңгелек жақша ішінде араб цифрларымен ретпен нөмірлеген дұрыс. Формулаларды бөлім шегінде нөмірлеуге рұқсат беріледі, мұндайда формула нөмірі нүктемен ажыратылған бөлім нөмірінен және формуланың реттік нөмірінен тұрады.

Формуланы жазуға мысал:

$$K = \frac{COC}{OC} \quad (1),$$

мұндағы К – өзіндік қаражат айналымдарын қамтамасыз ету коэффициенті;

COC – өзіндік айналым қаражаты;

OC – айналым қаражатының жалпы көлемі.

Пайдаланған әдебиеттерге *сілтемелерді* дереккөздердің тізімі бойынша реттік нөмірмен көрсетілуі және магистрлік диссертацияның / жобаның мәтіні бойынша олардың реттік бірізділігімен квадрат жақшада жүргізу керек.

Әдебиеттер тізімі. Дереккөздер туралы мәліметтерді диссертацияның / жобаның мәтіндегі дереккөздерге жасалған сілтеме тәртібінде орналастыру керек және нүктесіз араб цифрларымен нөмірлеп, абзацтың шегінісінен кейін жазу керек.

Қосымшаларды магистрлік диссертацияның / жобаның жалғасы ретінде оның келесі беттеріне, магистрлік диссертацияның / жобаның мәтінде оларға сілтеме жасау реті бойынша орналастырылады. Әр қосымшаны жаңа беттен жолдың ортасына «ҚОСЫМША» сөзі мен оның мағынасын көрсетуден бастап жазу керек. Қосымшаның жеке жолда мәтінге қатысты симметриялы түрде бас әріппен жазылған атауы болуы қажет. Егер магистрлік диссертацияда / жобада қосымша ретінде өзіндік мағынасы бар құжат пайдаланылса, оны диссертацияда / жобада еш өзгеріссіз түпнұсқада кіргізеді.

НАРХОЗ УНИВЕРСИТЕТІ

Магистранттың аты-жөні

МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯНЫҢ / ЖОБАНЫҢ ТАҚЫРЫБЫ

Мамандықтың / білім беру бағдарламасының (маманданудың) коды және атауы
(жоғары оқу орнынан кейін мамандықтың / білім беру бағдарламасының
Классификаторы бойынша беріледі)

_____ магистрі
академиялық дәрежесін іздену үшін жазылған
ДИССЕРТАЦИЯ / ЖОБА

Ғылыми жетекші: _____
(аты-жөні, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы)

Ғылыми кеңесші: _____ (болған жағдайда)
(аты-жөні, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы)

Алматы, 20__

(Рәсімдеу үлгісі)

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- 1 Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан-2050 стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауы. -Егемен Қазақстан, 2012 жылғы 15 желтқсандағы №828-831 (27902).
- 2 Антонов А.И. Мониторинг демографической ситуации в Российской Федерации. - М., 2008. - С. 18-19.
- 3 Белова В.А. Число детей в семье. - М.: Статистика, 1975. - С. 75-77.
- 4 Бондарская Г.А. Изменение демографического поведения российских семей за 100 лет // Мир России. - 1999. - Т.8, №4. - С. 58-70.
- 5 Борисов В.А. Демография. – М.: Издательский дом NOTABENE, 1999- 2001. – 272 с.
- 6 Бобков В.Н. Вопросы теории и методологии изучения и оценки качества и уровня жизни населения // Уровень жизни населения: итоги научной деятельности ВЦУЖ за 2008 год. -2009. - №6. - С. 3-15.
- 7 Бобков В.Н. и др. Бедность в Казахстане: причины и пути преодоления // Серия публикации ПРООН в Казахстане № «UNDPKAZ». – Алматы, 2004. - 96 с.
- 8 Колмаков И.Б. Методы и модели прогнозирования показателей дифференциации денежных доходов населения. – М.: Институт микроэкономики, 2004. – 168 с.
- 9 Калмаков И.Б. Прогнозирование показателей дифференциации денежных доходов населения // Проблемы прогнозирования. – 2006. - №1. - С. 136-163.
- 10 Беляева Л.А. Социальная стратификация и бедность в регионах России // Социс. – 2006. - № 9. - С. 52-63.
- 11 Радаев В.В. Социальная стратификация: учебное пособие. – М.: Наука, 1995. – 237 с.
- 12 Богомолова Т.Ю. Влияние мобильности населения по доходам на изменение неравенство в их распределении // Проблемы прогнозирования. – 2002. - №2. - С. 130 – 141.
- 13 Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 19 маусымдағы №636 қаулысымен бекітілген «Жұмыспен қамту-2020» бағдарламасы // [http: www: Adilet.zan.kz](http://www: Adilet.zan.kz).
- 14 "Қолжетімді тұрғын үй-2020" бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 21 маусымдағы №821 қаулысы.
- 15 Қазақстан Республикасының электрондық үкіметі//[http: www: egov.kz](http://www: egov.kz)
- 16 Қазақстан Республикасы үкіметінің ресми сайты //<http://kz.government.kz>

5 Қосымша
КОЛДАНЫЛУ ҮШІН ҰСЫНЫЛАДЫ

НАРХОЗ УНИВЕРСИТЕТІ

« _____ » ҒББД

_____ бағытындағы, _____ мамандығының / білім беру бағдарламасының «код атауы», _____ курс магистрантының « _____ » тақырыбындағы магистрлік диссертациясын / жобасын орындау және ұсынудың

КҮНТІЗБЕЛІК ЖОСПАР-КЕСТЕСІ

№	Жұмыстың кезеңдері	Орындау уақыты		Жетекшімен орындалуы туралы белгі
		жоспарланған	нақты	
1	Диссертацияға / жобаға тапсырма алу			
2	Негізгі қайнар көздер бойынша библиография жасай отырып, әдебиетті таңдау, зерттеу және өңдеу			
3	Диссертацияның / жобаның жоспарын құру және оған ғылыми жетекшінің келісімі			
4	Диссертацияның / жобаның бірінші бөлімін жазу және тексеруге ұсыну			
5	Өндірістік/зерттеу практикасының өту орны бойынша жиналған тәжірибелік материалдарды жүйелеу, талдау және өңдеу			
6	Диссертацияның / жобаның екінші бөлімін жазу және тексеруге ұсыну			
7	Ғылыми басылымдарда ашық баспасөзде зерттеу нәтижелерінің көрінісі			
8	Диссертацияның / жобаның үшінші бөлімін жазу және тексеруге ұсыну			
9	Зерттеу нәтижелері бойынша ұсыныстарды рәсімдеу			
10	Диссертацияны / жобаны ҒББД-да алдын-ала қорғау			
11	Диссертацияға / жобаға сыни-пікір беру үшін бағыттау			
12	Қорғауға шығатын баяндама тезистерін және кестелік-иллюстративті материал құрастыру			

Күнтізбелік кестенің берілген күні _____

(қолы)

(аты-жөні)

Күнтізбелік жоспар кестені орындауға қабылдады

Магистрант _____

(қолы)

(аты-жөні)

6 Қосымша

(Ғылыми жетекшінің пікірі үлгісі)

_____ магистрлік диссертациясына / жобасына ғылыми жетекшінің
(магистранттың аты-жөні)

ПІКІРІ*

_____ мамандығы / білім беру бағдарламасы бойынша магистр академиялық дәрежесін ізденуге ұсынған

« _____

_____ », тақырыбындағы жұмысқа беріледі.

Ғылыми жетекші өз пікірінде жазбаша түрде келесі мәселелерге назар аударады:

- зерттеу тақырыбының өзектілігі, алынатын мамандыққа экономикалық ғылымдар дамуының қазіргі жағдайы мен болашағының сәйкес келуі;
- диссертация / жоба құрылымының қысқаша сипаттамасы және оның ерекшеліктері;
- зерттеудің теориялық деңгейі мен тереңдігін бағалау, жұмысты өзі орындау барысында ғылыми зерттеу әдістерін игеру дәрежесі;
- магистрлік диссертацияға / жобаға және оның ғылыми жаңалығындағы магистрлік диссертацияларға / жобаларға қойылатын талаптар шеңберіндегі ғылыми нәтижелер, әрбір ғылыми нәтиженің (ғылыми қорытындының), негізділігі мен сенімділігі, магистранттың ұсыныстары мен қорытындылары;
- алынған ғылыми нәтижелердің тәжірбиелік маңыздылығы.

Жалпы алғанда, жұмыс жоғары ғылыми деңгейде орындалған, магистрлік диссертация / жоба талаптарына сәйкес келеді, Мемлекеттік аттестациялық комиссияның алдында қорғауға жіберіледі, ал оның авторы _____ магистрі академиялық дәрежесіне лайықты.
(Классификаторда көрсетілген академиялық деңгей)

Ғылыми жетекші,
Ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы _____
(қолы)

_____ (Аты-жөні)

*Магистрантқа алдын-ала қорғау рәсімнен өткен күннен бастап 10 (он) күн ішінде, «қорғауға жіберілсін» немесе «қорғауға жіберілмесін» деген ғылыми жетекшінің (ғылыми кеңесшінің болған жағдайда) дәлелді қорытындысы көрсетілген пікірі беріледі.

7 Қосымша

(Ресми оппоненттің үлгісі)

_____ магистрлік диссертациясына / жобасына ресми
рецензенттің

СЫН- ПІКІРІ

_____ мамандығы / білім беру бағдарламасы бойынша магистр академиялық дәрежесін ізденуге ұсынған « _____ »
_____», тақырыбындағы жұмысқа беріледі.

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі, алынатын мамандыққа экономикалық ғылымдар дамуының қазіргі жағдайы мен болашағының сәйкес келуі;
2. Магистрлік диссертацияның / жобаның талаптарына сәйкес ғылыми нәтижелер;
3. Магистрлік диссертацияларға / жобаларға қойылатын талаптар шеңберіндегі ғылыми нәтижелер, әрбір ғылыми нәтиженің (ғылыми қорытындының), негізділігі мен сенімділігі, магистранттың ұсыныстары мен қорытындылары;
4. Магистрлік диссертацияның / жобаның мазмұны мен рәсімдеудегі кемшіліктері;
5. Магистрлік диссертацияларға / жобаларға қойылатын талаптар шеңберіндегі жұмыстың сәйкестігі.

« _____ »
тақырыбындағы _____ зерттеу жұмысы
(магистранттың аты- жөні)

магистрлік диссертацияға / жобаға қойылатын талапқа сай және өз бетімен орындалған ғылыми білікті аяқталған жұмыс деп « _____ »* бағалауға болады, ал оның авторына _____ магистрі академиялық дәрежесін беруге болады
(классификаторда көрсетілген академиялық дәрежесі,)

Ресми рецензент,

Ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы _____
(қолы) (аты- жөні)

* Білім алушының оқудағы жетістіктерінің бағасы әріптік жүйемен бағаланады